# Әкімдіктің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 34 "Кәсіптік даярлау бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шегінде кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 573 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 5228 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 815 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасын (бұдан әрі – Жұмыспен қамту жол картасы) іске асыру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 34 "Кәсіптік даярлау бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасының шегінде кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4508 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 8 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қайта даярлау бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 24-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | 0513000 Маркетинг (салалары бойынша) | 0513032 Бақылаушы-кассир | 10 | 2 ай |

";

"Жиыны" деген жолда "450" деген сан "460" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген біліктілікті арттыру бойынша 2014 жылға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушыларды кәсіптік оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысындағы:

реттік нөмірі 3-жол жаңа редакцияда жазылсын:
"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 1 1 1 5 0 0 0<br>Өндірістердегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша) | 1 1 1 5 0 4 2<br>Электр жабдықтарын жөндейтін және қызмет көрсететін электромонтер | 8 | 1 ай |

" ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-жолмен толықтырылсын:
"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 0 7 0 6 0 0 0<br>Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу | 0 7 0 6 1 1 2<br>Кезекші және жабдықтарды жөндеу жөніндегі электрослесар | 2 | 1 ай |

" .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 маусымнан бастап туындайтын қатынастарға таратылады.

*Қостанай облысының әкімі Н. Садуақасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК